

# Ерейментау- Ақпарат

№ 23 (123)  
23 маусым  
2022 жыл



АПТАСЫНА БІР РЕТ ШЫҒАДЫ

## АУДАН ӘКІМІНІҢ АППАРТТЫҚ БАСҚОСУЫНАН



Ерейментау ауданы әкімінің кезекті аппараттық жиынына әкімнің орынбасарлары, ауылдық округ әкімдері, аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы, «Аманат» партиясы филиалының төрағасы, кәсіпорын және бөлім басшылары қатысты.

Жиын барысында аудандық төтенше жағдайлар қызметінің бас инженері Орал Азамат аудан көлеміндегі су көздері мен жағажайлар жөнінде ақпарат ұсынды. Маманның айтуынша, адамдар шомылатын су көздерінің бүгінгі жағдайы ешқандай сын көтермейді. Ең бастысы, коммуналдық жағажайлар жоқ, адамдар демалатын жерлер ешқандай жабдықталмаған. Шектеу қоятын арнайы белгілер қойылмаған.

Аудандық экономика және қаржы бөлімінің маманы А.Гречко жиналғандарға өткен жартыжылдықтағы аудан бюджетінің орындалу барысы жайлы ақпарат берді.

Аудан әкімі алда келе жатқан үлкен мәдени шара – аудан күніне әр аймақтардан көптеген меймандар келетінін ескертіп, қала көшелерін абаттандырып, тәртіпке келтіру жөнінде қала әкіміне тапсырма беріп, сондай-ақ, ауылдық округ әкімдерінің алдына да арнайы нақты міндеттер қойды. Жиын барысында ветеринария қызметкерлері ауданда мал вакциналау науқанының өтуі жайлы мәлімет берді.

Жиын соңында сөз алған аудандық қоғамдық кеңес төрағасы Төлеген Абдин: «Жағажайлар жөнінде маған да қала тұрғындары телефон шалып жатады. Адамдар суға шомылатын жерлерде ең аяғы арнаулы әжетханалар да қойылмаған. Сосын санитариялық тазалық бола ма? Сол себептен, жағажайлардың суға шомылатын тұстарын анықтап, белгілер қойып, жабдықтау керек» - деген өз ойын білдірді.

## 23 МАУСЫМ – МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН ПОЛИЦИЯСЫНЫҢ КҮНІ



### Құттықтау

Құрметті әріптестер, қадірлі мемлекеттік қызметшілер, сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын!

Сіздер бүгінде қоғам мен мемлекеттің абыройы үшін тынымсыз қызмет етіп, Президентіміздің саяси бағдарламасын іске асыру барысында үлкен міндет атқарып отырсыздар.

Кез келген саяси-қоғамдық реформаларды жүзеге асыру үшін сапалы біліммен қатар жұмыс тәжірибесі бар кәсіби мемлекеттік аппарат қажет. Сондықтан әрбір мемлекеттік қызметші мемлекеттік саясаттың үлгісі болып табылады. Себебі, оның мойнына отансүйгіштік, адалдық сынды қасиеттерді арқалап жүру міндеті артылған. Халық Сіздерден адамгершілікті, патриоттық сезімді, заңдылықты бұлжытпай сақтауды күтеді. Мемлекеттік қызметкерлер жұмысының сапасына елеуметтік және экономикалық өзгерістер, халық өмірінің деңгейі мен жалпыұлттық жобалардың жүзеге асырылуы тәуелді.

Сіздерге Қазақстан халқына қызмет ету сияқты мәртебелі істің басында отырсыздар. Кәсіби мерекелеріңізбен құттықтай отырып, отбасыларыңызға аманшылық, Отанымыз – Қазақстан Республикасының игілігіне жасалған барлық бастамаларыңызға табыс тілеймін!

Құрметпен Абай ӘЛЖАНОВ, Ерейментау ауданының әкімі

## ҚҰРМЕТТІ ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен және Қазақстан полициясының 30 жылдық мерейтойымен ел атынан құттықтаймын!

Ішкі істер қызметі қашаннан қоғам өмірінің тыныштығы мен құқықтық тәртіптің сақталуы үшін қызмет етіп келеді. Сіздер осы қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етіп, азаматтардың тыныштығын күзетіп, заңдылық пен құқық тәртібін қорғайтын саланың маманысыздар. Сіздердің қызметтеріңіз қашанда зор жауапкершілікпен, үлкен тәуекелмен байланысты. Қазақстан дербес мемлекет болып, тәуелсіздігін жариялаған сәттен бастап, оның қоғамдық тыныштығын қорғау сіздердің үлестеріңізде. Халқымыздың амандығын сақтау мен Отанымыздың өркендеуі үшін жасап жатқан еңбектеріңіз ұшан теңіз. Сіздердің қызметтеріңізге әрқашан жемісті де табысты болсын деген тілек айтым!

Құрметпен Абай Әлжанов, Ерейментау ауданының әкімі

## Құрметті Әріптестер!

Сіздерді шын жүректен кәсіби мерекелеріңіз – Мемлекеттік қызметші күнімен құттықтаймын!

Мемлекеттік қызмет – халықтың сенімін ақтау, ұлтымыздың абыройын асырып, асқақтату. Әрбір өркениеттің өріне қадам бастаған мемлекеттің ең басты тірегі, оның идеясы мен саясатын алға апарушы мемлекеттік қызметкер екені белгілі. Сондықтан да ұлт мәртебесін көтеретін, ел абыройын асқақтататын мемлекеттік қызметкер болу – мәртебелі міндет. Мемлекеттік қызметкер – мемлекеттің айнасы.

Ауданымыздың әлеуметтік және экономикалық тұрғыдан алға басуы да көп жағдайда өздеріңіздің жанкешті қызметтеріңіздің жемісіне байланысты. Сіздердің қажырлы еңбектеріңіздің арқасында ғана еліміз табысы мол, гүлденген мемлекетке айнала алады.

Сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен құттықтай отыра, ел игілігі жолындағы қызметтеріңізге табыс, отбасыларыңызға амандық, береке-бірлік, елімізге тыныштық тілеймін! Отанымыз – Қазақстан Республикасының өсіп-өркендеуі жолындағы қызметтеріңіз жемісті болсын!

Ізгі тілекпен Ерейментау аудандық мәслихатының хатшысы Медеу ӘБЖІКОВ

АҚПАРАТ

## ӨТКЕН ЖАРТЫЖЫЛДЫҚТА АУДАН БЮДЖЕТІНІҢ ИГЕРІЛУІ

Биылғы жылдың 6 айы өтіп, барлық ұйым-мекемелер жарты жылдық есеп-қисаптарын қорытындылап жатыр. Аудан бойынша жарты жылдық бюджеттің орындалуы жөнінде қаржы-экономика бөлімі біздерге төмендегідей ақпарат ұсынды.

1 маусымға дейін аудан бойынша бюджеттің орындалуы 99,2 пайызды көрсеткен. Яғни белгіленген жоспардан ауытқу – 17,9 млн теңге құрап отыр. Оның ішінде жоғары тұрған бюджеттен - 12,1 млн теңге. Осы соманың 11 млн теңгесі құрылыс бөліміне тиесілі. Бұның себебі, 60 пәтерлік үйдің құрылысы жөніндегі есеп уақтылы ұсынылмаған. Дегенмен, аудандағы 9 мекеме бойынша бюджет толықтай орындалған.

Кейбір ауылдық округтер бойынша қаражат түсу мерзімінде жоспар-болжам орындалмады. Сол себептен жоспарланған шығыс бюджет игерілмеген. Және кейбір мекемелер мемлекеттік сатып алуды уақытында жүргізбеген, ол да бюджеттің жоспарлы игеруіне кері әсер етті.

Ең бастысы, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы жөніндегі барлық пункттер бойынша 100 пайызға орындалған.

Инвестиция көлемі – 1,8 млрд құрап отыр (2021 жылы – 4,5 млрд теңге). Бұған себеп, 2021 жылы ТОО «Golden Energy Corp» жел-электр станциясының құрылыс жобасы аяқталған. Солай болса да, 2021 жылдың бірінші тоқсанында жоба бойынша инвестиция 2,8 млрд теңгенің құраған.

Енді биылғы жылы басқа «Ereymentau Wind Power» серіктестігінің жел-электр станциясы құрылысы арқылы жоспар орындалмақ.

Сондай-ақ, былтырғы жылғы осы мерзіммен салыстырғанда өтініш берушілерді жұмысқа орналастыру жөнінде көрсеткіш төмендеп, 73,3 пайызды құраған (былтырғы жылғы көрсеткіш – 91,5. 2021 жылы өтініш берген 424 адамның 388 адам орналасқан болатын). Өткен жартыжылдықта өтініш берген 240 адамның 176-сы жұмысқа орналасқан.

Аудандық қаржы-экономика бөлімі



## ДЕПУТАТТАР МЕН БЕЛСЕНДІЛЕР МАРАПАТТАЛДЫ



Конституциядағы өзгерістерді дауысқа салу мақсатында маусымның бесінші жұлдызында өткен бүкілхалықтық референдум еліміздің саяси бетбұрысын айқындаған маңызды саяси науқан болды.

Қазір әр аймақтарда осы референдумның нәтижесі қорытындыланып, оған белсене атсалысқан депутаттар мен ел азаматарына арнайы Алғыс хаттар табысталууда. Осындай шара 22 маусым күні «AMANAT» партиясының Ерейментау аумақтық филиалында болып өтті.

Осы жерде ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың және «AMANAT» партиясының төрағасы Е.Т.Қошанов пен «AMANAT» партиясының атқарушы хатшысы А.Р.Ораловтың, штаб мүшесі, «Askkz» серіктестігінің директоры Ә.Қ.Шошановтарға табысталды.

Отырысты жүргізген Ерейментау ауданының әкімі А.Әлжанов өткен саяси шараның ел болашағы үшін мәні мен маңызына тоқталып, айрықша белсенділік танытқан депутаттар мен азаматтарға Алғыс хаттар табыстады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Алғыс хаты «AMANAT» партиясы Ерейментау аудандық филиалының атқарушы хатшысы, референдум жөніндегі штабтың жетекшісі Қ.Т.Махметовке; штаб мүшесі, «Сказка» балалар бақшасының меңгерушісі Д.М.Оспановаға; штаб жетекшісінің орынбасары, «NUR ALI» серіктестігінің директоры Б.С.Әкімовке; штаб мүшесі, «Askkz» серіктестігінің директоры Ә.Қ.Шошановтарға табысталды.

«AMANAT» партиясының төрағасы Е.Т.Қошановтың Алғыс хатымен – штаб жетекшісінің орынбасары, Ерейментау аудандық мәслихатының хатшысы М.Е.Әбжіков; штаб мүшесі, Сілеті орта мектебінің директоры Д.Т.Иманбалинова; штаб мүшесі, «AIDANA – S» ЖК директоры Т.С.Әлиева; штаб мүшесі, «Эко – Жәрдем» кәсіпорнының директоры С.Ү.Қоңғұллов марапатталды.

«AMANAT» партиясының атқарушы хатшысы А.Р.Ораловтың Алғыс хатын штаб мүшесі, «Хамзе» шаруа қожалығының директоры Е.Х.Биекенов алды.

«AMANAT» партиясы Ерейментау аумақтық филиалының төрағасы А.Е.Әлжановтың Алғыс хаты - штаб мүшесі, «Блялов» ЖК жетекшісі А.Қ.Бляловаға және штаб мүшесі, Ерейментау аудандық Жастар ресурсы орталығының менеджері Ж.А.Әбсаматоваға табысталды.

Өз тілшіміз

### МАМАН ЕСКЕРТЕДІ!

## ҚАЙҒЫЛЫ ОҚИҒАЛАР БОЛМАС ҮШІН, ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ ҚАЖЕТ



Жадыраған жаз айы келіп, суға шомылу маусымы басталып кетті. Күн ысығасын, қала тұрғындары демалыс күндері өзен мен көлдерге қарай ағылады. Жасыратыны жоқ, жыл сайын жаз айларында адамдардың суға кету оқиғалары болып тұратынын білеміз. Бұл тұрғындар үшін үлкен қауіп. Осындай қайғылы оқиғалар болмас үшін, суға шомылатын жағажайлар қауіпсіздендіріліп, құтқару қызметі жұмыс істеуі керек. Біздер жуақта Ерейментау аудандық төтенше жағдайлар қызметінің азаматтық қорғау аға лейтенанты Орал Азамат Қайратұлына жолығып, аздаған сұхбат алып өдік.

-Азамат Қайратұлы, аудандағы өзен-көлдердің бүгінгі жағдайы жөнінде шамалы ақпарат берсеңіз.  
-Біздің Ерейментау ауданында 58 су көздері бар. Осылардың ішінде бес көл жаз айларында суға шомылып, балық аулау үшін көбірек пайдаланылады. Өкінішке орай, осы көлдердің жағаларының ешбірінде коммуналдық жағажай жасалмаған. Әркім өзі қалаған жеріне барып, суға шомыла береді. Бұның аяғы кейде адам өліміне апарып соғып жатады. Біздің аудандағы бұндай көлдердің ішіндегі ең қауіптісі – қалаға жақын орналасқан Қалқаман су бөгеті (Шымбұлақ).

-Коммуналдық жағажай дегенді түсіндіре кетсеңіз...  
-Ол арнайы жабдықталған жағажай. Ондай жерде судың терең тұсына бармау керектігін ескертетін, шектеу қоятын арнаулы белгілер болуы керек. Және құтқару қызметі жұмыс істеуі керек. Жалпы коммуналдық жағажайларда адамдар демалу үшін барлық жағдай жасалғаны дұрыс. Ал бұндай арнаулы қызмет көрсетпейтін жағажайларда суға кету себебінен адам өлімі жиі болып тұрады.

Мысалы, қараңыз әр жыл сайын Ақмола облысы бойынша суға кету себебінен отызға тарта адам өлімі тіркеледі. Өткен екі жылда біздің облыста 47 адам суға кеткен, олардың 11-і балалар.

Бұған не себеп дейсіз ғой? Ең біріншіден, суға шомылушылар өз күш-қуаттарына есеп бермей, алысқа жүзіп кетеді де, шаршағасын қайта алмай қалады. Екінші себеп, алкогольды ішімдік ішіп алып суға шомылу. Үшінші себеп, ойсызда суға құлап кету. Төртінші себеп, жүзе білмеу. Бесінші себеп, суға кеткендерді құтқарам деп қаза болу. Мен жоғарыда айтқандай, әсіресе, жаз айлары балалар үшін қауіпті кезең. Олар ыстық күндері үлкендерге айтпастан су жағаларына кетіп қалып, осының арты қайғылы жағдайға ұласып жатады.

-Сонда қандай шаралар жасау керек?  
-Биылғы жылдың 1 маусымынан суға шомылу уақыты басталды. 29-шы сәуір күні Ақмола облысының әкімінің «2022 жылығы суға шомылу маусымындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету шаралары жайлы» №А-5/220 Қаулысы шықты.

Осыған байланысты, көлдерді ұзақ мерзімге жалға алған адамдар коммуналдық жағажайлар жасауы керек. Бірақ біздің аудан төңірегінде бұндай жағажайлар жабдықталмаған. Әсіресе, осындай жағажай Қоржынкөлге қажет.

-Жалпы облыс көлемінде осы бағытта қандай шаралар жасалуда?  
-Қайғылы жағдайлар болмас үшін, облыс көлеміндегі күзетілмейтін өзен-көлдерде әр жыл сайын жергілікті атқарушы ұйымдармен бірлесіп, қоғамдық құтқару постарын құру мақсатында үлкен жұмыстар жүргізіледі. Қазір облыс бойынша, осындай 52 пост жұмыс істеп тұр, оларда 182 құтқарушы еңбек етеді. Бұндай постардың көбі Бурабай ауданында (19), Целиноград ауданында (10), Зеренді ауданында (9). Өкінішке орай, Ерейментау ауданында бұндай постар құрылмаған. Айта кету керек, құтқару постары бар су көздерінде адам өлімі болмайды.

Жыл сайын біздер көл жағаларына «Суға шомылуға болмайды» деген шектеу белгілерін қоямыз. Былтыр 30 белгі қойылған. Биыл тағы да қосымша 50 белгі қоймақпыз. Бірақ суға шомылуға келгендер оларды қиратып кетеді. Сондықтан жаздың ыстық күндері арнайы рейдтік шаралар жүргізілуі керек. Айталық, Қалқаман су бөгетінде бұндай шектеу белгілері мүлде жоқ. Осындай белгілердің болмауы төтенше жағдай қызметі мен полиция қызметіне қауіпсіздік ережесін бұзған, балалар өмірінің қауіпсіздігін сақтамаған адамдарға әкімшілік жаза қолдануға кедергі болады.

Бұлардан бөлек, адамдардың қайғылы жағдайларға ұшырауына қарсы қолданылатын шаралардың бірі - әлеуметтік желілер, ақпарат құралдары арқылы үндеу жасап, адамдарды жүзуге, бірінші медициналық көмектер жасауға үйрететін практикалық шаралар.

Биылғы суға шомылу маусымында біздер аумақтық бөлімшелермен өзен-көлдерге рейд жасап, ҚР Әкімшілік тәртіп бұзу Кодексінің 440, 364 баптарына сәйкес, су

пайдалану тәртібін бұзған, көпшілік жерде алкогольді ішімдік ішкен, мас күйінде жүрген адамдарды әкімшілік жазаға тартамыз.

-Бұл тек қала тұрғындарына қатысты жасалатын шаралар ғой?

-Жоқ, бұл шаралар барлық ауылдық округтерде орналасқан су көздеріне қатысты. Біз бүгін сіздердің газеттеріңіз арқылы ауылдық округ әкімдерін де төмендегідей шараларды жасауға шақырамыз:

1. Адамдар шомылу үшін жабдықталмаған су көздерінің басына шектеу белгілерін қоюды қолға алу;
2. Тұрғындардың жиынын өткізіп, барлық елді мекендердегі үйлерді аралап, балаларды су басында, оған жақын жерлерде қараусыз қалдырмауды ескерту;
3. Көпшілік демалатын жерлерде әкімшілік құқықты пайлана отырып, рейдтік шаралар өткізу;
4. Суға шомылудың қауіпсіздігін сақтауды тұрғындарға түсіндіру үшін ақпарат құралдарының барлық түрлерін (баспасөз, теледидар, радио, интернет, әлеуметтік желілер) пайдалана отырып, діни мекемелер (мешіт, шіркеу т.б.) арқылы профилактикалық түсіндіру шараларын өткізу;
5. Аудан көлеміндегі барлық су көздеріне, көпшілік демалатын жерлерге инвентаризация жасап, оларды коммуналдық қызмет пен бизнес нысанына бекітілуін есепке алып, сондай-ақ, ескерту және төтенше жағдайларды жою жөніндегі комиссия жиналысына енгізу;
6. Еңбекпен қамту орталығы арқылы, жедел-құтқару отрядтарында дайындықтан өткен жергілікті тұрғындардан және қоғамдық құтқарушылардан су көздерінің қауіпті жерлерінде құтқару постарын құру жөніндегі мәселені талқылау;
7. Қызығушылық танытатын қызмет бөлімдерімен бірігіп, рұхсат етілген жағажайлардың тізімін жасап, оны ақпарат құралдарында жариялап, сондай-ақ, жекеменшік демалыс орандары иелерімен, демалыс орындарын ашарда жалға алушылармен белгіленген талаптарды орындау жөнінде жиын өткізу;
8. Көпшілік демалатын жерлерде (су көздерінде) орын алған қайғылы жағдайлар жайлы ақпараттар мен көрнекті стендтер жасап, құтқару құралдарымен (құтқару шеңберлері т.б.) қалқаншалар орнату.

Сондай-ақ, осындай шараларды күшейту жөнінде Ерейментау аудандық полиция бөліміне де өтініш етеміз. Біздер бірігіп жұмыс жүргізсек қана, қауіптің алдын ала аламыз.

-Өңгімеңізге рахмет!

Өз тілшіміз



Суретте: Азамат Қайратұлы



# МҮГЕДЕКТЕРГЕ ҚОЛЖЕТІМСІЗДІГІ ҮШІН МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕЛЕРГЕ АЙЫППҰЛ САЛЫНАДЫ

актілер – 84, қорытынды - 11.

Соңғы уақытта департамент мемлекеттік мекемелерді тексеруге ерекше назар аударуда, өйткені мүгедектер алдымен мемлекеттік органдар көрсететін мемлекеттік қызметтерге жүгінеді. Сондықтан біз аудандық және қалалық әкімдіктерді, қалалардағы, аудандардағы жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау бөлімдерін, мәдени-ойын-сауық нысандарын (мәдени орталықтар, кітапханалар), денсаулық сақтау мекемелерін (ауруханалар, емханалар) және спорттық нысандарды қамтыдық.

Алайда, бұл объектілердің басшылары бұзушылықтарды жою жөнінде берілген нұсқамаларды орындай бермейді, сондықтан біздің сот органдарына жүгінуімізге тура келеді (мысалы 2020 жылдан бастап 2022 жылғы қазіргі уақытқа дейін 14 мекеме мен кәсіпорындар бойынша әкімшілік істер қозғалды: («Бұланды ауданының әкімі аппараты» ММ (2020 ж.), «Егіндікөл ауданының әкімі аппараты» ММ (2020 ж.), Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасының жанындағы «Шортанды аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК (2020 ж.), Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасының жанындағы «Аршалы аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК (2020 ж.), "Есіл ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің орталықтандырылған кітапханалар жүйесі" КММ (2021 ж.), Атбасар ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің "Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі" ММ (2021 ж.), Ақмола облысы білім басқармасының «Ақкөл ауданы, Урюпинка ауылы «Балабақша-мектеп-интернат» арнайы көшені» КММ (2022 ж.), «Ақмола облысы білім басқармасы Ақкөл ауданы бойынша білім беру бөлімінің Урюпинка ауылындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ (2022 ж.), Ақмола облысы білім басқармасының «Ақкөл қаласы, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған №1 балалар үйі» КММ (2022 ж.), Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасының жанындағы "Атбасар көпбейінді ауданаралық ауруханасы" ШЖҚ МКК (2022 ж.), «Есіл ауданының әкімі аппараты» ММ (2022 ж.), "Ақмола облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" ММ (2022 ж.), «Ақмола облысы білім басқармасының Ақкөл ауданы бойынша білім бөлімі Ақкөл қаласының Жайық Бектуров атындағы №3 Ақкөл жалпы орта білім беретін мектебі» КММ (2022 ж.), Ақкөл аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» ММ (2022 ж.).

Сот отырыстарының қорытындылары бойынша 4 883 605 теңге көлемінде айыппұл салынды.

Қазақстан мүгедектердің құқықтары туралы Конвенцияны ратификациялады, мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы Заң қабылдады, Ұлт жоспарын жасады, яғни әлеуметтік өмірдің, денсаулық сақтаудың, білімнің, әлеуметтік қорғаудың және демалудың барлық салаларына қолжетімділік ерекше бақылауда болып табылады.

2021 жылдан бастап АМАНАТ партиясының Жол картасы 2025 жылға дейін қолжетімділік картасының барлық

нысандарын кезең-кезеңімен бейімдеуді қарастырады, мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындар да ерекше басымдық болып табылады.

Мүгедектерге қолжетімділікті қамтамасыз етудің маңызды дәлелі «ескертуді» сияқты әкімшілік шараның болмауы болып табылады.

Кіріс топтарына, санитарлық-тұрмыстық орынжайларға, жол қозғалысында, объекті аумағына қолжетімділіктің сәйкес келмеуіне байланысты бір өрескел бұзушылық анықталған жағдайда лауазымды тұлға және кәсіпкерлік субъектісі Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 83-бабына сәйкес: лауазымды тұлғаларға – елу (153 150 теңге), шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – бір жүз жиырма (367 560 теңге), орта кәсіпкерлік субъектілеріне – екі жүз (612 600 теңге), ірі кәсіпкерлік субъектілеріне төрт жүз (1 225 200 теңге) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл түрінде әкімшілік жауапқа тартылады.

Әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған өрекет (өрекетсіздік) – лауазымды адамдарға – сексен (245 040 теңге), шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – бір жүз елу (459 450 теңге), орта кәсіпкерлік субъектілеріне – екі жүз елу (765 750 теңге), ірі кәсіпкерлік субъектілеріне алты жүз (1 837 800 теңге) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

Жоғарыда айтылғанның негізінде, барлық субъектілердің – ол дүкендер, шаштараздар, ательелер, мейрамханалар, асханалар, банктер, ломбардтар, кітапханалар, мұражайлар, коммуналдық кәсіпорындар, спорттық мекемелер, дәріханалар және басқа да объектілер болсын кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар, сондай-ақ қызметін заңды тұлғалар «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі №39 Заңының 25-бабының 3-тармағына сәйкес аз мобильді топтарға олардың объектілеріне кедергісіз жүріп-тұруына мемлекеттік стандарттарға сәйкес жағдай жасауға міндетті екендігіне назар аударуды өтінеміз.

Өмір сүру шектеулерін жеңу, мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға барлық әлеуметтік ортада: жұмыста, демалыста, білімде, әлеуметтік – тұрмыстық қызмет көрсетуде құқықтары мен мүмкіндіктерінің теңдігін қамтамасыз ету үшін барлық кәсіпкерлерге, мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор басшыларына әлеуметтік инфрақұрылым, көлік, байланыс және апарат объектілеріне кедергісіз жүріп – тұру жағдайларын жасауын ұсынамыз.

**Әсемгүл ӘУБӘКІРОВА, Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Ақмола облысы бойынша департаменті» РММ халықты әлеуметтік қорғау саласындағы бақылау бөлімінің басшысы**

Қазіргі қоғамда «мүгедектік» мағынасы адам үшін қоғаммен «әлеуметтік иеліктен шығарылған» немесе «бас тартылған» дегенді білдірмеу қажет, керісінше қандай да бір әлеуметтік мәртебе бола алатын түсінік ретінде қалыптасуы қажет.

Қазіргі уақытта «мүгедектік» мәртебесі театрларға, кітапханаларға, саяжайларға, мемлекеттік мекемелерге, спорт алаңдарына кедергісіз жүріп - тұруды қамтамасыз етуі керек, мүмкіндігі шектеулі тұлғалар барлық қызметтерді дені сау адам дәрежесімен бірдей алуға құқылы.

Пандустар, көтергіштер, арнайы көлік түрлері, визуалды, мәтіндік және дыбыстық ақпарат қайталануы және т. б. сияқты қолжетімді орта құру арқылы мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды қоғамға барынша максималды интеграциялауды ұйымдастыру уақыт өте келе мүгедектігі бар адам мен дені сау адам арасында туындайтын қашықтықты қысқарту мақсатында елеулі сыпатқа ие болып келеді, алайда Ақмола облысының объектілерінің ішінде құқықтарды пайдалану құқығы бірдей ұсынылмаған.

Осыған байланысты Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Ақмола облысы бойынша департаментімен мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады, атап айтқанда, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар, сондай-ақ заңды тұлғалар мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың объектілерге кедергісіз жүріп – тұруына жағдай жасауы бойынша тексерістер өткізеді.

Профилактикалық бақылаудың профилактикалық тізімі Интерактивті қолжетімділік картасының көмегімен қалыптастырылады, жоспардан тыс тексерулер жеке және заңды тұлғалардың келіп түскен өтініштері (шағымдары) негізінде жүзеге асырылады, бақылау тексерістері берілген ұйғарымдардың орындалуы мерзімдері келген кезде жүргізіледі.

Тексеру нәтижелері бойынша департамент мамандары анықталған бұзушылықтарды жоюдың нақты мерзімдерін көрсететін нұсқамаларды табыстайды, кейін олардың орындалуы ерекше бақылауда болады.

2020 жылдан 2022 жылғы қазіргі уақытқа дейін барлығы 170 тексеріс жүргізілді, оның ішінде профилактикалық бақылау -75, жоспардан тыс тексеріс – 95, олардың нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою бойынша 70-нұсқама, тексеріс нәтижелері туралы

## ХАБАРЛАНДЫРУ

**Құрметті Ерейментау ауданының тұрғындары мен қонақтары! Сіздерді Қанжығалы Бөгенбай батырдың дұшпаннан азат етілген Ерейментау жеріне қалың елді бастап келіп, қоныстандырғанына 285 жыл толуына, Үмбетей жырау Тілеуұлының туғанына 325 жыл толуына, Ереймен елінен шыққан Мәмбеттің бес қасқасы атанған Досай, Ақпан, Бура, Тайлақ батырларға Ерейментау қаласындағы «Батырлар аллеясында» ескерткіш – бюстердің орнатылып, ашылуына және Ереймен жерінде 1916 жылы болған ұлт-азаттық қозғалысқа қатысушы батыр бабаларымыздың рухына арналған ескерткіштің салтанатты ашылуына байланысты өткізілетін «Бабалар қаны тамған тау, қалың ел келіп қонған тау - Ерейментау» атты «Аудан күніне» арналған іс-шараларға шақырамыз.**

**2022 жыл 24 маусым**

11-00 сағ. Үмбетей жырау атындағы Ерейментау аудандық Мәдениет үйінде Үмбетей Тілеуұлының 325 жылдығына және ұлт -азаттық қозғалысының көсемі Кенесары Қасымұлының 220 жылдығына арналып өтетін облыстық «Тәуелсіздік жырлары» атты жыршы - термешілер байқауының қорытынды концертін тамашалау  
15-00 сағ. Ереймен елінен шыққан Досай, Ақпан, Бура, Тайлақ батырларға Ерейментау қаласындағы «Батырлар аллеясында» ескерткіш - бюстердің салтанатты ашылуы.  
Батырлар рухына дұға бағыштау.  
16-30 сағ. Ереймен жерінде 1916 жылы болған ұлт-азаттық қозғалысқа қатысушы батыр бабалардың рухына арналған ескерткіштің салтанатты ашылуы.  
Батырлар рухына дұға бағыштау.

**2022 жыл 25 маусым**

10-00 сағ. Малтабар ауылы маңындағы ипподромда өтетін «Аудан күнінің» салтанатты ашылуы. Елдің рухани-қоғамдық жұмыстарына белсене араласып жүрген еліне елеулі, халқына қалаулы азаматтарды «Қанжығалы Бөгенбай батыр» және «Үмбетей жырау Тілеуұлы» медальдарыменмен марапаттау.  
11-00 сағ. «Батырлар рухына тағзым» Ереймен елі өнерпаздарының концерті.  
11-00 - 14-00 сағ. дейін:  
- «Қымызмұрындық», Ереймен еліндегі ең дәмді қымыз көрмесі  
- «Білекті, жүректілер елі - Ереймен», Ұлттық спорт түрлері бәйге, көкпар ойындары.  
- «Өнер өріндегі Ереймен елі» атты суретшілер мен қолөнер шеберлерінің көрмесі

*Ұйымдастыру комитеті*

## Мамандар тапшы өңірлерге барған мұғалімдердің жалақысы 150%-бен төленеді



Мамандар тапшы және білім сапасы нашар өңірлерге барып жұмыс істейтін мұғалімдер үшін республикалық бюджеттен қаржы қаралып отыр. Бұл туралы ҚР Оқу-ағарту министрлігі мектепке дейінгі және орта білім комитетінің төрағасы Гүлмира Кәрімова мәлім етті, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.

«Маман тапшы және білім сапасы нашар өңірлерге баратын мұғалімдерге республикалық бюджеттен қаржы қаралып отыр. Ол үшін педагог бірнеше кезеңнен тұратын сынақ тапсырады. Бағдарламаға қатысып жеңімпаз атанған мұғалімдердің жалақысы 150 пайызбен төленетін болады. Сонымен қатар жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп отбасылы ұстаздарды орналастыру, балаларын мектепке беру секілді мәселелер сол жерде шешіледі. Сонымен қатар тапсырманы сәтті орындап, жолдама алған мұғалімдер барған жерінде 4 апта бойы біліктілігін арттырады», - деді Гүлмира Кәрімова министрліктің «Оқу-ағарту LIVE» жобасының тікелей эфирінде.

Комитет басшысының айтуынша, маман тапшы және білім сапасы нашар өңірлерге баратын педагогтермен 5 жылдық келісімшарт жасалады. Бұған дейін хабарлағанымыздай, елімізде мұғалім тапшылығы бар және білім сапасы нашар өңірлерге үздік педагогтерді тартуға арналған жаңа бағдарлама іске қосылды. Айта кетсек, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің мәліметіне сәйкес, Түркістан, Атырау, Маңғыстау және Алматы облысында педагогтер тапшы.

### Мұғалімдерді маман тапшы өңірлерге тартуға арналған жаңа бағдарлама басталды

Елімізде мұғалімдер тапшылығы бар және білім сапасы нашар өңірлерге үздік педагогтерді тарту бойынша арнайы бағдарлама қолға алынды. Бұл мұғалімдер тапшылығы бар және білім сапасы нашар өңірлер - Түркістан, Атырау, Маңғыстау және Алматы облыстарына қатысты болып отыр. Аталған аймақтарда математика, физика, химия, орыс тілі мен әдебиеті және шетел тілі мұғалімдері жетіспейді.

Мәселені шешу үшін министрлік педагогтерге арналған арнайы байқау жариялап отыр. Қажетті құжаттар тізімі өңірлік білім басқармалары және НЗМ-нің (Назарбаев зияткерлік мектебі) ақпарат ресурстарында орналастырылған. Құжат қабылдау 2022 жылғы 26 маусымға дейін жүреді. «Мұғалімдер осы бағдарламаға қатысып өз бағын сынап

алады. Бағдарламаға тәжірибелі ұстаздармен қатар оқуды енді бітірген жас мамандар да өтінім бере алады. Жоғарыда аталған 4 өңірде үйлестіру кеңесі құрылды. Бағдарламаға қатысушы ұстаздар алдымен өз пәні бойынша тест тапсырады. Екінші кезеңге өткендер 350 сөзден тұратын эссе жазуы керек. Екі кезеңнен сәтті өткен мұғалім соңғы өңгімелесуден өтеді. Өңгімелесу ZOOM платформасы арқылы сұрақ-жауап түрінде ұйымдастырылады», - деді Гүлмира Кәрімова министрліктің «Оқу-ағарту LIVE» жобасының тікелей эфирінде. Оның айтуынша, бағдарламаға қатысушы мұғалім барлық тапсырманың 60 пайызын сәтті орындаған жағдайда жолдама алады. Сондай-ақ, ұстаздар сынақты өңірлердегі Назарбаев зияткерлік мектебінде тапсырады.

### ШЕГІРТКЕМЕН КҮРЕС ШАРАЛАРЫН МЕМЛЕКЕТ ӨЗ МОНОПОЛИЯСЫНА АЛУЫ МҮМКІН



Шегірткемен күрес шаралары қайтадан тұтастай мемлекеттің құзырына берілуі мүмкін, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.

ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің төрағасы Алмабек Марс орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингінде осындай мәлімет берді. «Келешекте шегірткемен күрес шараларына мемлекеттік монополия енгізуді жоспарлап отырмыз. Сондай-ақ, мемлекет есебінен күрес жүргізілетін зиянкестердің тізімі қайта қаралуы мүмкін. Мысалы, 2020 жылға дейін шалғын көбелегі осы тізімде болды да, оған қарсы дәрі жергілікті бюджеттердің есебінен себіліп келді. 2020 жылы шалғын көбелегіне қарсы дәрілеу жұмыстарын субсидиялау туралы норма шықты. Екі жыл өтіп үлгермей жатып ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер мен «Атамекен» ҰКП бұрынғы жүйені қайтаруды сұрап жатыр», - деді инспекция басшысы. Сондай-ақ, ол қырыққабат көбелегінен келетін қауіптің көбеюі мүмкін екенін атап өтті. «Осыған байланысты оны да бюджет есебінен күрес жүргізілетін зиянкестер қатарына енгізу жоспарда бар. Қазақстанға жыл сайын сырттан 25 мың тонна пестицид әкелінеді. Сол пестицидтерді қолдану ережесін өзгерту ұсынылып отыр. Пестицид құйылған әрбір канистраға QR-код орнатылуы мүмкін. Сонда олардың жылжу бағыттарын бақылап отыруға болады. Бұл пестицид сапасының сақталуын және босаған ыдыстың экологиялық зиян келтірмеуін қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, фитосанитариялық есептерді цифрландыру қолға алынбақшы», - деді Алмабек Марс. Оның айтуынша, биыл шегірткеге қарсы күреске 2,5 млрд теңге жұмсалады.

## БІР КӨЗДЕН МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУҒА ҚАТЫСТЫ ӨЗГЕРІСТЕР БОЛАДЫ

Парламент Мәжілісінде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Мемлекет басшысының жекелеген тапсырмаларын іске асыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы таныстырылды, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі. «Ұлттық экономика министрлігі Мемлекет басшысының жекелеген тапсырмаларын іске асыру мәселелері бойынша заң жобасын әзірледі.

Құжатқа Президенттің 2022 жылғы 11 қаңтардағы Парламент Мәжілісінің отырысында және биылғы 21 қаңтардағы ірі отандық бизнес өкілдерімен кездесудің қорытындысы бойынша берген заңнамалық тапсырмаларын іске асыру жөніндегі жоспар-кестеде көзделген түзетулердің 5 блогы енгізілді. Сонымен қатар Үкімет басшылығының тапсырмалары бойынша енгізілген түзетулердің қосымша блоктары қамтылды», - деді ҚР Ұлттық экономика вице-министрі Абзал Әбдікәрімов.

Оның айтуынша, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңға енгізілетін түзетулер тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден мемлекеттік сатып алу негіздерін қысқартуды көздейді.

Осы орайда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайту және бәсекелестікті дамыту мақсатында: - мемлекеттік материалдық резервке тауарларды;

- жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыру үшін уәкілетті органдардың қызметтік үй-жайларын, көлік және өзге де техникалық құралдарды, ақпараттық жүйелерді, мүлік пен оларға қызмет көрсету жөніндегі қызметтерді;

- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес актімен айқындалған тұрғын емес мақсаттағы үйлерді, құрылыстарды, ғимараттарды, үй-жайларды сатып алу тұрғысында бір көзден сатып алу құқығын алып тастау қажет. Сонымен қатар вице-министр «Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерін сатып алу туралы» Заңда «Самұрық-Қазына» қорының сатып алу тәртібін Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігімен келісу міндеттілігі заңнамалық тұрғыдан бекітілетінін айтты. «Қордың бәсекеге қабілетсіз сатып алуын қысқарту үшін холдинг ішіндегі кооперация аясында сатып алу тәсілі алынып тасталады», - деді А. Әбдікәрімов.



## ХАЛЫҚТЫҢ ТАЛАП-ТІЛЕГІНЕН ШЫҒА БІЛЕЙІК



**Биылғы маусым айының 23-і күні Тәуелсіз Қазақстан полициясының құрылғанына 30 жыл толып отыр. Біздер осы мерейлі датаның қарсаңында аудандық полиция бөлімінің басшысы Бейсенбеков Айбек Нұрмағанбетұлын сұхбатқа тартып едік.**

**-Айбек Нұрмағанбетұлы, ең әуелі сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен құттықтаймын! Енді өзіңіз басшылыққа келгелі полиция бөліміндегі оң өзгерістер жайлы, орындалып жатқан жұмыстар мен алға қойған жоспарлар жайлы әңгімелеп берсеңіз.**

-Құқық қорғау ұйымдарының жұмысын жетілдіру бүгінгі мемлекетіміз жүргізіп отырған саясаттың аса бір маңызды бөлігі деп айтса болады. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев біздің алдымызға Қазақстанда жаңа құқықтық жүйенің қалыптасуына, криминогендік жағдайдың түзелуіне, полиция мен тұрғындардың арасындағы диалогтың басқаша ербуіне ықпал ететін міндеттер қойып отыр. Біздің қазіргі негізгі бағытымыз кәсіби кадрлер қалыптастырып, ішкі істер қызметінің ашық болуын қамтамыз ету. Ең бірінші кезекте әрине, азаматтардың тыныштығын қорғайтын төменгі звенодағы аймақтық ұйымдардың жұмысын жандандыру. Себебі, қылмыстық оқиға барысында тұрғындар ең әуелі осы қызметкерлерге жүгінеді. Осындай шаралар біз үшін жедел жұмыстарға бақылау жасап және тіркелетін істерді, сондай-ақ, ашылмаған істердің санын қысқартуға ықпал етті. Қылмыстардың ішінде - адам өлімі, денсаулыққа мақсатты түрде зиян келтіру, ұрлық пен қарақшылық азайды. Ауыр және аса ауыр қылмыстарды ашу нәтижесі молайды. Жеке тұлғаларға қатысты жасалып, ашылмаған қылмыстардың уақыты мен орны жөнінде сараптама жүргізіліп, жедел-тергеу тобының оқиға орнына шығуын ұйымдастырып, оны бақылап, басқа да шаруаларды дұрыс жолға қойып жатырмыз. Осының арқасында біздер белгілі бір көрсеткіштерге, нәтижелерге қол жеткіздік. Шама келгенше жеке құрамды және барлық мүмкіншіліктерді тұрғындар үшін маңызы бар қызметтің нақты міндеттеріне бағыттаймыз.

Сондықтан жұмысымыздың негізгі мақсаты – ауданымызда тұратын әрбір адамның өзіне деген сенімділігі мен жеке басының қауіпсіздігі.

Бүгінде біз өзіміз көргіміз келетіндей полиция құрамын жасақтауға барлық жағдай жасалған. Азаматтармен қарым-қатынас жасағанда, жедел іздестіру жұмыстарын жүргізгенде жеке құрамның заңнама нормасына сәйкес құқықтық тәртібі сақталуы керек. Егер біздер тұрғындардан заңға бағынуды талап етсек, оны ең әуелі өзіміз сақтауымыз керек. Біздер осы бағытта жұмыстар жүргізіп жатырмыз. Әрине, алда әлі де көп міндеттер бар. Жеке құраммен жүргізілетін тәртібелік жұмыстар өз алдына.

Мысалы, жол-патруль қызметінің, учаскелік инспекторлардың, көші-қон полициясының қызметтерінің маңыздылығы үлкен рөл атқарады. Кезекші бөлімнің де жұмысы аса маңызды. Оларды полицияның «бет-бейнесі» деп атауға болады. Себебі, тұрғындармен ең бірінші қарым-қатынаста болатын солар.

Бүгінде полиция формасын киіп жүргесін, халық біздерге үлкен сенім артады. Біздер заңдылық пен биліктің, әділеттің баламасы секілдіміз. Сондықтан осы бір атаулы күнде өз әріптестерімді төл мерекелерімен құттықтап, қызметтеріне табыс тілеп, халықтың талап-тілегінен шыға біліңіздер дегім келеді. Әріптестерімнің отбасыларына және жеке өздеріне табыс тілеп, қызметте тек биіктерден көрінуін қолдаймын.

-Әңгімеңізге рахМЕТ!

Людмила МАРКОВА



Суретте: аудандық полиция бөлімінің басшысы Айбек Бейсенбеков

### САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ



## «Fly yoga lotos» = Жаңа Бастама

2021 жылдың 13 маусым күні Ерейментау қаласында жас кәсіпкер Алдажұман Әнел қыз-келіншектерге арналған «Fly yoga lotos» студиясын ашты. Дегенмен, қала тұрғындарының кейбірі йога дегеннің не екенін білмеуі де мүмкін. Сондықтан аздаған түсінік бере кеткенді жөн көрдік.



Жалпы йога дегеніміз не?

Йога көптеген ғасырлар бойы қалыптасқан әртүрлі, психикалық, рухани және физикалық тәжірибелердің жиынтығы. Йога тәжірибесі адам денесінің физиологиялық және психологиялық функцияларын басқаруға бағытталған.

Йога жүйесі ведалық дәстүрді іс жүзінде асыруға, күнделікті тіршілікте үйретуге ерекше мән береді. Йога жүйесінің теориялық нұсқауында және практикалық негіздемесінде рухты дене арқылы, дененің сыртқы қызметін барлық шектеулерден босату туралы айтылады.

Йога жүйесіндегі басты мақсат - жаттығу тәсілдері мен практикасы арқылы жеке адамның өзін-өзі ұстауын және өзінің сезімі мен мінез-құлқын бақылауға, жан дүниесін баулуға үйрету. Йоганың мақсаты - төн мен жанның үйлесіміне жету. Денені шынықтыру арқылы жан саулығы мен сергектігін жетілдіру болып табылады.

13 маусым күні «Fly yoga lotos» студиясының 1 жылдығы аталып өтті. Бір жыл ішінде көптеген адамдардан жақсы пікірлер естудеміз. Тек қана естіп қоймай студияның негізін қалаған жас кәсіпкерімізді 1 жылдығымен құттықтап, йогаға қатысып жүрген қыз-келіншектердің пікірлерін тындап қайттық. «Fly yoga lotos» студиясы осымен ғана шектеліп қалмай, балаларға да арналған топтар ашты.

Біз Әнелге барлық жоспарларының сәтті орындалуына, жаңа биіктерге жетуіне тілектестік білдіреміз.

Жансұлу АБСАМАНОВА,  
Жастар ресурстық орталығының маманы



# ІШПЕКБАЙ МЕН АЛТАЙ



Бүгінде ел-жұрт пайдаланып жүрген Саққұлақ бидің шежіресі былай ДЕП таратылады: «...Бүркітбай, одан-Толыбай, одан-Піспекбай, Ішпекбай, Раушанбек туады».

«Піспекбайдан ұл болмай, Байбике, Аққоян, Тоққоян атты қыздарын өзінің жылқышысы Алтайға беріп, бүгінгі Қуандық - Алтайлар сол Піспекбайдың қыздарынан тараған» - деп жазады. Мәшһүр-Жүсіп өз жазбаларында. Ал Раушанбектен тарағандар тегісінен Өзбекстан, Тәжікстан, Түркіменстан жерінде деп айтылады. Бұл «Көрұғылы» дастаны мен Қанжығалы шежіресінің сонау есте жоқ ескі замандарда бір байланысы болғанының дәлелі секілді. Өңгімеміз Қанжығалы елі жайлы болғасын, жоғарыдағы Піспекбай-Алтайға қатысты бүгінге жеткен аңызды да назарларыңызға ұсына кетелік.

Мейрам сопының үлкен ұлы Қуандық өз кіндігінен тараған балаларға енші бөліп бермей тұрып дүние салса керек. Содан бұл міндетті балаларының үлкені Қарпық қолға алып, енші бөліскенде бәйбіше балалары бірыңғай болып, әрі Алтайдың тоқал шешеден туғанын басынды ма екен, әйтеуір Алтайға деген енші мез болмапты дейді. Бұған Алтай наразылық білдіріп: «Ата дәулеті тең бөлінсін, бұйырған еншіні дәстүр бойынша асық иіріп анықтайық», - дейді. Қарпық отырып: «Мақұл, тек алшы түссе де менікі, тәйке түссе де менікі, бүк түссе де менікі, шік түссе де менікі», - деп, асықты иіріп

ашыққан ел сізді сағалайды. Ал, жылқы малын маған сеніп тапсырсаңыз, Алтай, Тарбағатай жағына алып кетер едім. Орманды алап қой, қары күрпек, ықтысына мол, бір аман қалса, сол өңірден аман қалар», - депті.

Ішпекбай түнере ойланып отырып, Алтайдан болатын жұттың белгілерін сұрапты. Алтай іркілместен: «Биыл ең төлшіл құс - бозторғай атаулы жалқы жұмыртқадан салды; шөп буыны ерте қатты; маусымда шешек ататын бұдыр мия гүлдемеді; гүлдемеген соң, бұршақ қабына дән бітпеді; жыл құстары жылдағыдан ерте қайта бастады; ай жиі қораланатын болды; жылқы біткен жарау тартып, шілде айында ыққа қарап жусайтынды шығарды; айғырлардың жал-құйрығы ұйысып қалды; бөгелек сиреп кетті...» - деп, жұттың он бір белгісін айтып береді. Сонда Ішпекбай еңсесін тіктеп: «Бір сұмдық боларын мен де сезгем, бірақ жұт белгісін алтыдан асыра алмап едім. Айтқаныңның қисыны бар, тәуекел, дегенің болсын, қарап отырып қырылғанша, әрекет етіп көрейік», - дейді.

Содан, Алтай бүкіл жылқышыларды қамдап, жолға әбден сайланып алып, Ішпекбайдың қалың жылқысын Алтай, Тарбағатай жағына беттетеді.

Айтқандай, сол жылы Арқада ақсүйек жұт болады. Мал біткен қырылып, ел-жұрт



жібергенде, омпы түскен екен. Қарпық бұған тоқтамастан: «Омпы түссе де менікі», - деп қияс мінез танытады.

Сонда Алтай қатты түңіліп: «Тәңірім саған күнімді түсірмесін!» - деп, орнынан тұрып кетеді. Сол кеткеннен мол кетіп, Ереймендегі Қанжығалы Ішпекбайға келіп, жылқышы болады. Бұл Ішпекбайдың лақап аты «Қанжығалы» екен, қалың қанжығалылыр содан тараған деген де сөз бар. Ішпекбайға жиырма мың жылқы біткен екен. Жиырма мың жылқыға жиырма қос сайлап, жиырма қосағасын белгіліп бақтырады екен. Малдың жай-күйін жақсы білетін Алтай көп кешікпей Ішпек байдың көзіне түсіп, қосағасы болады.

Мал тегін адамға бітпейді ғой, Ішпекбай қыс демей, жаз демей, айына бір рет жиырма мың жылқының жиырма қосағаларын қонаққа шақырып, мал сойып, құрмет көрсетеді екен. Сонда өзге қосағалары байдың құрметіне мез болып жатқанда, Алтай өзін мейлінше байсалды ұстап, көрпе төселмеген жерге отырмайды дейді. Қымыз ұсынса, бірден бас қоймай, қосағалардың үлкеніне жағалатады дейді. Жатар кезде өзге қосағалары астына бір киіз, үстіне бір киіз тастаса болды, жата-жата кетеді екен де, Алтай болса басына ер-тұрманын жастап ұйықтайды екен. Ет пен қымызға тойған өзге қосағалары тұяқ серіппей ұйықтаса, Алтай түнімен екі-үш рет тұрып, атының орнын ауыстырып арқандайды екен. Ересінде Ішпекбай: «Алтай, шырағым, жұрт-жаңа, жер-от, атыңды түнде несін ауыстырып арқандап жүрсің?» - деп сұрайды ғой. Сонда, Алтай отырып: «Е-е, Ішеке, жылқы жарықтық көңілдің малы емес пе, түнде ауыстырып арқандап, сауырынан сипап қойса, күндіз арқаланып сергек жүреді», - деп жауап берген екен. Осының бәрін Ішпекбай бір сын етіп, Алтайдың тегін жігіт еместігіне ден қойып жүреді.

Күндердің күнінде Ішпекбайдың үйіне Алтай шақыртпай келіпті. Мән-жайды сұраған екен, Алтай отырып: «Ішеке, жаман айтпай-жақсы жоқ деген, ауырпашылықтың алдын алайын деп, арнайы келіп отырмын. Биыл қыс ақсүйек жұт болады. Бұл өңірдің аяқты малынан мал қалмайды. Сондықтан, жылқыдан басқа малдың бәрін қар бекісімен сойып, етін есік-терезесі берік қораға қатырып жинау керек. «Бір үй ашықса - бүкіл ауылды жұтатады, бір ауыл ашықса - бүкіл елді жұтатады» деген, ертең малы қырылып,

күйзеліске ұшырайды. Ашыққындар Ішпекбайдың ауылын сағалайды. Сөйтіп, жүдеп-жадаған ел өлдік-талдық дегенде көктемге ілігеді ғой.

Көктемге ілкенімен, жиналып көшетіндей, желпініп қонатындай жағдай жоқ. Көң-қораның төңірегінен ұзап шыға алмай, көгі қылтиған алқапқа киіз үйлер тігіледі. Ішпекбай болса үйге бойы сыймай, үй сыртындағы қырға шығып, ертеден қара кешке дейін күннің шығысына - Алтай, Тарбағатай жаққа телміріп қараумен болады. Еш белгі жоқ.

Бір күні әдеттегідей, Ішпекбай үй сыртындағы төбенің басында отырса, үлкен қызы Аққоян келіп, тамақ ішуге шақырады. Сонда Ішпекбай шығыс жаққа қадала қараған қалпы: «Балам, менен гөрі көзің өткірлеу ғой, қарашы, бірдеңе қараңдай ма, қалай?», - депті. Аққоян қарап жіберіп: «Ата, сүйінші, бір аттылы келе жатыр, атқа отырысы Алтай ағамның отырысы сияқты!» - дейді. Бұл сөзді естіген Ішпекбайдың өңі жадырап, қуанып, елбіреген қалпы: «Шырағым, шынымен Алтай ағаң болса, сүйіншіңе сол Алтай ағанды саған қостым!» - депті.

Расында келе жатқан аттылы Алтай болып шығады. Соңында жер қайысқан жылқы, бір басы екеу болып, байтақ алқапқа жан бітіргендей, қаптап келеді дейді. Мұны көрген ел-жұрттың қуанышында шек болмайды.

Содан, Ішпекбай айтқан сөзінде тұрып, қызы Аққоянды Алтайға қосады. Бастарына үй тігіп, бауырларында қазан асып, алдарына мал салып, қойшы-қолаңына дейін бөліп беріп, бір күнде Алтай мен Аққоянның ауылы деген дәрежеге жеткізеді.

Сол Аққоян дүниеге Өліке, Байдалы, Сайдалы деген үш перзент әкелген соң, қайтыс болады. Аққоянның жылы берілген соң, Ішпекбай Алтайдан кіндігімді үзбеймін деп, оған Тоққоян атты екінші қызын қосады. Осы Тоққояннан - Мойын мен Кенжесары туады. Күні бүгінге дейін, Алтай руының ішіндегі ел-жұрттың «Аққоянбыз» немесе «Тоққоянбыз» деп отыратыны, қай шешелерінің ұрпағы екенін айырып меңзегендіктен. Аталмыш аңызды тарихшы-этнограф Ақселеу Сейдімбековке өзіміздің жерлесіміз, шежіреші Ғалымжан Мұқатов берген екен. Бұл өңгіменің тағы бір нұсқасы Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының да жазбаларында бар екенін (9 том, Павлодар, 2006) айта кеткіміз келеді.

## ЖАРИЯЛАНҒАН МАҚАЛАЛАР РЕДАКЦИЯНЫҢ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ

### Ерейментау-Ақпарат

қоғамдық-саяси газеті. ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде тіркелген, 11.12.2019. Күәлік № KZ60VPY00018252

Редакцияның мекен-жайы: Үмбетейжырау көшесі, 4. Меншік иесі ЖК «ЕММС-2020» Газет ТОО «Медиа-холдинг "ERNUR" Нұр-Сұлтан қ., Сілеті к-сі, 30 үй баспаханасында басылған.

Аптасына бір мәрте шығады. Таралымы – 1000 дана. Индекс: 66015 Басылу шарттары лист 4 п.л. Тапсырыс № 861

Бас редакторы: Сайлау БАЙБОСЫН Тел: 8771 275 1930 Электронды почта: ereymen.akparat@mail.ru